



Форум



Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Президенті:

Келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау – ортақ парыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында сөз сөйледі. Президент мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

– Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана партиялық тізімнен келген депутаттар. Қалғаны түгел бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған 434 адам депутат атанды, – деді Мемлекет басшысы.

Шындығында бұрын саяси партиялар түрлі санаттағы азаматтармен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Мұның бәріне заңмен талап еткеннен кейін мән бере бастады. Мәселен, қазір партиялық тізімде жастарға арнайы квота бар. Президент бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашқанын айтады. Сондай-ақ бұрын мәслихаттағы жас азаматтардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселеп артқан.

– Бүгін де ортамызда көптеген жас депутаттар отыр. Олар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр. Өкілді билікте әйелдердің қатары көбейе түсті. Елімізде қыз-келіншектердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетілуде. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар

аударылып жатыр. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды. Ол бірінші кезекте мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек деп есептейді.

Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керектігін қалғандарға салды.

– Бүгін мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында Академиямен ынтымақтастық орнатқан жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтық ерекшеліктері, халық қалауларына сәйкес және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе көзге көрініп тұрған кемшіліктер бар, – деді Президент.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Болмыс



Ардагер ұстаз

«Алаштың ардақтысы Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – мұғалімдікі» деген өміршең ой айтқан. Бүгінде өткенге ойлы көзбен қарасам, мектеп табалдырығында жүріп, сол кездегі оқушыларымызға өмірлік ұстаным мен адами болмыстың бағытын дәл анықтап берген екенбіз. Әрине, ұстаз әр баланың ерекшелігін зерттеп, мінезін бағамдай алмаса, оқушыны да толық танып біле алмауы анық. Ал біз оқушыларды жақсы көрдік, баламыз ретінде қарадық. Адам болудың қыр-сырын үйреттік. Отанға адал қызмет етудің маңыздылығын кең көлемде айтып, жеткілікті түсіндірдік. Бүгінде оқушыларымыздың бірі дәрігер, енді бірі ұстаз жолын қуған мұғалім болып, еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосып жүр. Бұл жетістік ұстаздар аманатын арқалаған адамдық іс пен жоғары жауапкершіліктің белгісі деп білемін» деп бастады әңгімесін ардагер ұстаз Құлбағирам Тұрсынбаева.

Ардагер ұстаздың балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келген. Ауылдағы азаматтар соғысқа аттанған сәтте Құлбағирам әже бала болса да, еңбекке араласып, тыл игерген. Иә, сонау қиын-қыстау заманда ерте есейген ардагер ұстаздың кейінгі жастарға өмірлік, тәлім-тәрбиелік құндылықтарды берері көп болды.

«Өмір – таусылмайтын күрес» демекші, әжемнің бейнестің ащы дәмін татып, тынбай еңбектеніп келе жатқан жаның бірі екенін әңгімесінен байқадық. Әжеміз айтқан бұл деректер біз үшін ертегі секілді, бірақ сонысымен қызықты еді. Алайда кейіпкеріміз балалық шағының алаңсыз күндерін ұрпаған сұм соғысты есіне де алғысы келмейді.

– Соғысқа әкем Мұхтар Тұрсынбаевты және қатарлас ауылдың азаматтарын алып кетті. Ауылда бас көтеретін ешкім жоқ, ылғи көмпір-шалдар, қыз-келіншектер мен бала-шаға қалған. Мен соғыс басталған жылдары 5-6 жаста едім. Ол кезде ауыл халқы тары мен мақсары егеді. Біз таң атқаннан кеш батқанға дейін сол алқаптың басындамыз. Кішкентай болсақ та өгізге, атқа арба жегіп, алқапқа дөңді дақылдарды етуге жәрдем бердік. Күздің кезінде шыққан өнімнің бір түйірін шашпай теріп, майданға жөнелтіп отырдық. Онымен қоса әжелер балаларына жүннен киім тоқып, үйіндегі азық-түліктерін майданға жөнелтетін еді. Қолым босай қалса, алқап басына алып барған кіта-

бымды оқи жөнелемін. Осылайша қара жұмыспен қатар кітап оқуды әдетке айналдырдым. – дейді ардагер ұстаз.

Қаншама қиын күндерді арқа тастап, 1945 жылы қасиетті соғыс та аяқталды. Құлбағирам әжемнің әкесі соғысқа 1942 жылы аттанып, 1946 жылы елге оралған. Әжеміз сол кезде небәрі 2-3 сыныпта оқиды екен. Тылда еңбектеніп жүріп, әжеміз бос уақытында қиын математикалық есептерді шығарумен әуестенген.

Алғырлығының арқасында мектепті үздік бағамен бітірген. Сөйтіп соғыстан кейінгі жылдары жоғары білім алып, мектепке жұмысқа орналасып, ауданда білім саласының дамуына үлес қосады.

Жандос ЖАЗКЕН



Құттықтау

Қадірлі білім саласының ардагерлері!
Құрметті ұстаздар қауымы!

Құз мезгілімен бірге келіп жеткен кәсіби мерекелеріңізге Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Білікті ұстаз – ой сананың бапкері. Олар шәкіртін ғана емес, бүкіл елді алға, биік арман-мұраттарға жетелейді. Ұстаз – білгенін үйретуші ғана емес, тұлға бойы тұнған өнеге, шәкірті үшін сарқылмас қазына.

Ұстаз адам бойына жақсылықтың дәнін егеді, ол шәкіртің бойынан жақсылық іздейді. Батыр да, ақын да, кемеңгер данышпан да, ғалым да ұстаздың алдынан шыққан ұстаздың тәлімі алған. Сондықтан қоғам дамуының кемел келешегі де ұстазға байланысты.

Ықылым заманнан ұстаздық кәсіп қасиетті де киелі саналған. Шәкірті ұстазын өмір бойы сыйлап, құрметтеп өткен. Біз кім болсақ та, қандай биіктерге көтерілсек те баріміз де ұстазға қарыздармыз.

Біз өмір сүріп отырған дәуірде тек білімді адам ғана өз бағыт-бағдарын айқындай алады. Біздің келешегіміз кемел білімде. Сондықтан уақыт ұстаздар қауымынан салиқалы сабыр, парасатты ой мен қажырлы еңбекті талап етеді. Жас еркенді біліммен қаруландырып, қанатын қайытып, әлемдік бәсекеге қосудың кілті сіздердің қолдарыңызда, қадірлі ұстаздар!

Сіздердің ескеңіз ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымызды табыс, обтастарыңызға аманшылық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін.

Құрметпен, Ардақ ИБРАИМОВ,
аудан әкімі

Құттықтау

Құрметті ардагер ұстаздар!
Қадірменді білім саласының қызметкерлері!

Ұстаз – әрқашан ұлағатты да өнеге боларлық есім. Халқымыз ол туралы «Ұстазсыз шәкірт тұл» деп өз ұрпағына есиет қалдырған. Дүниедегі мандық атаулының төресі ұстаздық екені барімізге белгілі. Сонымен қатар мұғалім – барлық мандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді де абзал жандар.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып, терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі асқан ғарышкер де, бәрі-бәрі ұстаздан тәлім-тәрбие алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға барша адам баласы құрметпен бас иеді.

Егемен еліміздің болашағына байытып бағдар берудегі ұлағатты еңбектеріңіз үшін сіздерге алғыс айта отырып, өмірлеріңіз ұзақ, өздеріңіз тәрбиеленген жеткіншектеріңіздің қызығын көре беріңіздер деген ыстық ықылас білдірім келеті.

Ізгі құрметпен, Әмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы

Салтанатты шара

Ұстаздар құрмет төрінде

Қазақ – қай кезде де ұстазды ұлықтаған ұлы халық. Шыбық тікесе, шынар болатын, таяқ тікесе, тал болатын, қыран ұшса, қанаты талатын кеңбайтақ қазақ даласының небір дарынды дарабоздарын дана еткен де осы ұстаз. Мағжан Жұмабаев «Алып алаштың басы қосылса, төрдегі орын – ұстаздікі» деп текке айтпаса керек. Кеше аудандық мәдениет үйінде ұстаздар қауымының төл мерекесіне арналған «Қалдырған ізін мәңгілік» атты салтанатты шара өтті.

Ұстаз берген тәлім-тәрбие әрбір жаннның өміріне жол сілтер бағдаршам іспетті. Себебі ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып, төр төккен шопан да, көк күмбезінен өрі өткен ғарышкер де ұстаздан білім, тәрбие алған. Сондықтан бүкіл адам баласы құрметпен бас иетін ұлағатты ұстаздардың қашан да мәртебесі биік.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов салтанатты жиында ұлағатты ұстаздарды кәсіби төл мерекелерімен құттықтап, ұлт болашағын тәрбиелеудегі еселі еңбектеріне сәттілік тілеп, бірқатар сала қызметкерлерін марапаттады.



Айта кетейік, мемлекет қолдауының нәтижесінде биыл білім саласына 14,5 млрд теңге қаржы бөлініп, былтырғы жылмен салыстырғанда 30 пайызға артқан. Мәселен, биыл «Қазақстан халқына» қоры есебінен ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту бағдарламасы аясында Әл-Фараби атындағы №201

мектеп-лицейінде 250 млн теңге қаржы қаралып, оқу кабинеттері зертханалар заман талабына сай жаңа жабдықтармен жабдықталды. Сонымен қатар, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аудан оқушылары республикалық, облыстық деңгейдегі білім бәйгелерінде алдыңғы қатардан ұдайы көрініп келеді.



Мұнан бөлек, былтыр алғаш рет өткізілген ауыл мектептерінің оқушыларына арналған олимпиаданың Республикалық кезеңіне аудандан 10 оқушы қатысып, 6 оқушы 4 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлдесіне ие болды. Нәтижесінде Республика көлемінде Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі үздік 10 мектептің құрамына еніп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ең үздік ауыл мектебі» атағымен марапатталып, облыстың «Үздік мектеп» грантын жеңіп алды. Әрине бұл аудан ұстаздарының үздіксіз, тынымсыз еңбегінің нәтижесі.

Шара барысында Ардақ Әбдіғалпарұлы ардагер ұстаз Бүркітбай Доспановаға ҚР оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалін табыстаса, бірқатар сала мамандарына ҚР оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет» грамотасы мен облыс әкімінің алғыс хатын, сондай-ақ облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы мен аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

Мұнан бөлек, былтырғы оқу жылында білім беру ісінде үздік нәтиже көрсеткен мектеп ұжымдарына құрмет көрсетті. Мәселен, «Білім бәйтерегі» номинациясымен 2023-2024 оқу жылында Республикалық пәндік олимпиаданың қорытындысымен үздік нәтижесі үшін «Ең үздік ауыл мектебі – 2024» атағын иеленіп, Республикалық деңгейдегі 10 мектептің құрамына енген Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі ұжымына «Білім бәйтерегі» номинациясымен 1 млн сыйақы табысталды.

Өнертапқыш

Айша Таңатарова, озат оқушы:

Ұстаз еңбегіне бас иемін

Журналистика саласында жүргесін еліміздің әлеуметтік-қоғамдық өмірін бақылап, ел ішіндегі жаңалықтарға елеңдеп жүреміз. Бірнеше күн бұрын аудандағы Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Айша Таңатарованың ауыз толтырып айтар жетістігі жайында естіп, алтын ұяға атбасын тіредік.

Айша – мектебінің мерейі, сыныбының мақтаншысы. Мектепшілік түрлі іс-шаралардың басы-қасында жүреді. Дүниенің сыр-қын беймәлім табиғаттың құпиясын білуге ұмтылып тұрады.

Озат оқушы физика мен математика пәнін сүйіп оқиды. Жаратылыстану ғылымына деген сүйіспеншілігі соншалық болашағын аталған саламен тығыз байланыстырады.

Бүгінгі таңда Айшаның жетістігі көп, қоржынында түрлі аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдесі бар. Солардың ішіндегі ең айрықшасы күні кеше «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық жобасының аудандық кезеңінен I орын, кейін облыстық кезеңнен бас жүлдені қанжыға баққан. Сөйтіп озат оқушымыз аталған жобаның республикалық кезеңіне жолдама алды.

Өнертапқыштық ғылыми жобалар байқауына қатысқан жас зерттеуші қашықтан басқарылатын моторлы кеме жасап, өзінің цифрлы технологияға икемі барын көрсетіп, қатысушылардың арасынан озат ойымен дараланды.



Жас өнертапқыштың жетекшісі, информатика пәні мұғалімі Назерке Баймаханова – салада 10 жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Бүгінге дейін бірнеше оқушыны түрлі бағыттағы білім сайыстарына дайындап, талай жүлдемен оралған. Нақтырақ айтсақ, «Техникалық шығармашылық және өнертапқыштар» республикалық жарысының аудандық, облыстық кезеңдерінде жүлдегерлер қатарында көрінсе, «Pro Eco» экологиялық жобалар байқауында бас жүлдені иеленген.

Мектеп қабырғасында осындай білім-білігімен танылған жас ұміттің иек астындағы ертеңі нұрлы, жарқын болады деп сенемін. Қазақтың үмітті бір баласы заманауи техниканың құлағынан ұстап, жалына жабысса, күні ертең-ақ «Made in Kazakhstan» деген ұлттық брәнд аясында тың дүние ойлап табуы мүмкін ғой. Ендеше зерек оқушының алға қойған мақсатын жүзеге асыруында біздің, яғни ұстаздардың рөлі ерекше болмақ. Сондықтан мен өз жұмысыма асқан жауапкершілікпен қараймын. Алдымызда республикалық байқау тұр, бүгінде қызу дайындық үстіндеміз. Бұйырса, ауданның, мекте-

сетумен сипатталады. Ол үшін білікті маман болу маңызды. Білім мен өнерді қатар ұштастырған алтын ұя алдағы күннің талабына сай зор міндеттер орындауды мақсат еткен. Еліміздің ертеңі болашағы бүгінгі жас ұрпақтың қолында десек, жас ұрпақтың тағдыры бүгінгі ұстаз қауымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып қала бермек.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Мارات АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 2850 Тапсырыс № 1568

Маман мерейі



Білікті педагог

«Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, еңбек жолын оқу-ағартуға арнаған ұлағатты ұстаздардың басты ұстанымы да осы. Шәкірттеріне үйретуден шаршамай, өзі үнемі ізденіс үстінде жүретін кейіпкеріміз Шынар Сисенованың мәртебелі мамандықта қызмет етіп жатқанына биыл – 29 жыл.

Жастарға бағыт-бағдар берген кейіпкеріміз еңбек жолын алғаш Жаңалатап ауылындағы алтын ұяда бастаған. Қазіргі таңда Аққыр ауылындағы №188 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Бала күнінен мұғалім болуды армандаған Шынар Қайыпназарқызы мектеп бітірер шақ таяп, білімін жоғары оқу орнында жалғастыратын сәт келгенде ойланбастан ұстаздарының жолын жалғап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды көздеген.

Ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Себебі ұстаз болу даналықты, қаталдықты, керек жерінде баламен бала болуды талап етеді. 29 жылдық тәжірибемде қаншама оқушыға сабақ беріп, бірнеше тұлғеті түлеткенімнен ҰБТ-ға таңдау пән ретінде әдебиетті таңдаған бірде-бір оқушы болмаған. Әйтсе де оқушыларым қазақ тілінен ҰБТ-да жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын 5 пән бойынша 25 сұрақтан көлетін. Сол көздегі оқушыларым қазақ тілінен 25 сұрақтан 25-не де дұрыс жауап берген, – дейді Шынар Сисенова.

Кейіпкеріміздің шәкірттері тек ҰБТ-да ғана емес, білім бәйгелерінде де биік белестерді бағындырып келеді. Бала кезінен білікті маман болу үшін еңбектенген ол бүгінде соның жемісін көріп отыр.

Ұстаз үнемі ізденіс үстінде жүріп, жан-жақты болуы қажет. Кез келген мұғалім білімін жетілдіріп отырса ғана нағыз шыңдалған, кәсіби маман болып шығады. Ол үшін ең алдымен өз мамандығына деген махаббат пен құрмет болуы керек. Әр оқушының шамшырағын жағып, оқуға деген құштарлығын арттыру – әрбір ұстаздың басты міндеті. «Оқушыларыма сабақты қалай өткізсем қызықты болады?» деген оймен интернеттен көп ізденіп, ескі кітап-журналдармен керекті әдіс-тәсілдерді түртіп алып, жаңаша бағытта қолдануға тырысамын, – дейді мұғалім.